# «Күз кереметі»

**Мақсаты:** Балаларға қоршаған орта, табиғат, көкөніс және жеміс – жидектер түлерімен,күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Табиғатты сүю, қорғауға тәрбиелеу.

**Жүргізуші**: Қайырлы күн! Армысыздар құрметті тәрбиешілер мен балақайлар! «Жұлдыздар» ересек тобының «Күз кереметі» атты ертеңгілігіне қош келдініздер!
-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
-Күз
-Күз мезгілінде ауа- райы қандай болады?
-Күн салқын
-Жаңбыр
-Найзағай, кемпірқосақ болады.
-Үстімізге қандай киім киеміз?
-Жылы киім киеміз.
-Дұрыс айтасыңдар балалар күз мезгілінде күн суытып, жаңбыр жауып, жапырақтар сарғайып жерге түсе бастайды. Құстарымыз жылы жаққа ұшып кетеді екен. Көкөністер мен жемістерім піседі. Күз мезгілінің ерекшеліктері көп екен.
Ендеше балалар ортамызға күз ханшайымын шақырайық.
/күз ханшайымы келеді/
**Күз ханшайымы**: Сәлеметсіздер ме , балақайлар!

Уа халайық,дархан далам армысың,
Табиғатым жаны жайсаң тал мүсін.
Ханшайымы күздің бүгін келіп тұр,
Алмақ болып бар халқының алғысын.

Балалар сендер мені шақырдыңдар ма?
**Жүргізуші**: Сәлеметсіз бе, күз ханшайымы, қош келдіңіз! Ия, күз ханшайымы біздің кішкентай бүлдіршіндеріміздің өнерін тамашалауға шақырдық.
Балалар айналамызға қарайықшы қандай әдемі жапырақтар, сары түске боялған. Айналамыз әдемі, күн де тамаша, жақсы көңіл күймен қонағымызға ән салып берейік.
**Ән: «Күзгі жапырақтар»**
**Күз ханшайымы**: Рахмет, балалар. Сендер қандай әдемі болып кеткенсіңдер. Сендер қандай мерекені тойлап жатырсыңдар?
**Балалар**: Алтын күз мерекесі.
**Күз ханшайымы**: Дұрыс айтасыңдар. Айнала сап – сары жапыраққа толы екен. Балалар сендер күз туралы, көкөніс, жеміс – жидек туралы тақпақ білесіңдер ме? Мен сендердің өнерлеріңді тамашалағым келіп тұр.
**Жүргізуші**:: Күз ханшайымы біздің балалардың өнері көп ән айтуды, би билеуді, тақпақта айта алады.Қәне, балалар күз ханшайымына өз өнерімізді көрсетейік.

**Жемістер**:

**Қасиет:**
Мен алмамын, алмамын,
Таңдай татар бал дәмім.

**Бауыржан:**
Мен жүзіммін,жүзіммін,
Моншақ болып тізілдім.